

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 6 қараша N 1173. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1113 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі;

3) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мемлекеттік мекемелері-аумақтық органдарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті таратылсын.

3. Министрліктің үш, оның ішінде бір бірінші вице-министрі болуына рұқсат берілсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мемлекеттік мекемелері-аумақтық органдары Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мемлекеттік мекемелері-аумақтық органдары болып қайта ұйымдастырылсын.

Министрлік қаулының осы тармағын іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі" деген бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі";

91-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық-талдау орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны";

2) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.01. N 314 қаулысымен.

6. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Министрлік бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 6 қарашадағы

N 1173 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) қоршаған ортаны қорғау саласындағы басшылықты, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Министрліктің мемлекеттік мекемелердің ұйымдық-құқықтық нысанындағы аумақтық органдары - облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы қоршаған ортаны қорғау басқармалары және республикалық инспекциялық басқармасы болады.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекемені ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады.

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Министрліктің, егер заңнамаға сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан түсуге құқығы бар.

4. Министрлік қабылдайтын шешімдер Министрдің бұйрығымен ресімделеді.

5. Министрліктің ережесін және штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Министрліктің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 31.

7. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Министрлікке Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындауға кәсіпкерлік субъектілермен шарт қатынасына түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заң актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген болса, онда осындай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджет кірісіне бағытталады.

2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды және табиғатты қорғау заңнамасын, экологиялық талаптар нормативтерін сақтауды қамтамасыз ету;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау жүйесін, өзінің құзіреті шегінде қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістерін жетілдіру;

3) қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыру және табиғатты пайдалану жүйесін оңтайландыруға қатысу;

4) қолданыстағы заңнаманы жетілдіру;

5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту және қатысу;

6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық тарату жүйесін және ағартушылықты дамыту.

11. Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізеді және мемлекеттік экологиялық бағдарламалардың орындалуын ұйымдастырады;

2) өз құзыреті шегінде шаруашылық және де өзге қызметке экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды бекітеді немесе келіседі, ластағыш заттардың қоршаған ортаға шығарындылары мен төгінділеріне, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруға лимиттер мен квоталар белгілейді;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне, зиянды заттардың қоршаған ортаға шығарындылары мен төгінділеріне лицензия береді;

4) қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді;

5) қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингі бойынша жұмыс жүргізеді, сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай жүйесіне басшылықты жүзеге асырады, үлгілік ережелерді бекітеді және өндірістік мониторинг бағдарламаларын келіседі;

6) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін білдіреді, сондай-ақ олардың орындалуын ұйымдастырады;

7) қоршаған ортаның жай-күйін бағалауды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабардар етеді;

8) мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастырады және жүргізеді және экологиялық сараптама қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

9) қоршаған ортаға тигізетін әсерді бағалауды және оны жүргізу тәртібін қоса алғанда, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі нұсқамалық-әдістемелік құжаттарды белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;

10) табиғатты қорғауды жобалауға, нормалауға және экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарға белгіленген тәртіппен лицензиялар беруді жүзеге асырады;

11) қоршаған ортаны қорғау саласындағы сараптама комиссияларының дербес құрамын анықтайды;

12) гидрометеорологиялық жағдай мен онымен аралас салалардағы мониторингті және талдауды жүзеге асырады;

13) қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер бағдарламасын әзірлейді және бекітеді;

14) қоршаған ортаны қорғау саласында ақпараттық-талдама жұмысты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

15) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы, табиғатты қорғау заңнамасының сақталуын, оның ішінде:

атмосфералық ауаға зиянды заттардың шығарындыларының белгіленген

нормативтерін, өндірістік объектілердің санитарлық-қорғау аймақтарының режимін, атмосфералық ауаны қорғау стандарттарын, ережелері мен өзге де талаптарды сақтауды;

жерлерді техногендік ластанудан қорғауды, топырақ құнарлылығын қорғауды, қалпына келтіру және арттыру жөніндегі іс-шаралар кешенін орындауды;

табиғи ресурстарды пайдалану лицензияларында және мемлекеттік сараптаманың қорытындыларында белгіленген шарттарды сақтауды, табиғатты пайдалануға арналған шарттарды (келісім-шарттарды) орындауды;

су ресурстарын ұтымды пайдалануды, жер үсті суларын ластанудан, тозаңдану мен азудан қорғауды, суды пайдалану және су бөлу лимиттері (нормалары) мен ережелерін, сондай-ақ суды пайдалану режимін, сарқынды сулардың төгілу тәртібі мен шарттарын сақтауды;

радиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтауды; өнеркәсіптік, тұрмыстық және де өзге қалдықтарды көму (қоймаға салу) кезінде табиғатты қорғау шараларын орындауды;

жер қойнауын пайдалану және минералдық шикізатты қайта өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен ережелерді, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру мен пайдалану кезіндегі талаптарды сақтауды;

пестицидтерді, минералдық тыңайтқыштарды, басқа да химиялық заттарды қолдану, сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату жөніндегі нормалар мен ережелерді сақтауды;

табиғатты қорғау мақсаттарына бағытталған күрделі салымдарды игеруді; жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы экологиялық талаптарды, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы табиғатты қорғау режимін сақтау;

жоғалып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктердің жабайы түрлерін елге кіргізу мен оның шегінен шығару талаптарын орындауды мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

16) меншік нысанына қарамастан, шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

17) қоршаған ортаны қорғау саласындағы талдау зертханаларының жұмысын бірыңғай ғылыми-әдістемелік негізде ұйымдастырады;

18) заңнамаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды;

19) Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген жағдайларда және тәртіппен тауарлардың экспорты мен импортына лицензиялар беру туралы шешімдерді келіседі;

20) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктермен өзара

і с - ә р е к е т

е т е д і ;

21) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қ а т ы с а д ы ;

22) өзіне заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

12. Министрлік негізгі міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарға құқылы:

1) өз құзыреті шегінде лицензиялауды жүзеге асыруға және лицензияларды к е л і с у г е ;

2) өз құзыреті шегінде табиғатты пайдалануға, оның ішінде ластағыш заттардың қоршаған ортаға шығарындылары мен тастандыларына, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын көму мен сақтауға рұқсаттар беруге;

3) меншік нысанына қарамастан, ұйымдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне зертханалық-талдамалы бақылауды жүзеге асыруға;

4) шаруашылық қызметтің қауіпті түрлеріне, ластағыш заттардың қоршаған ортаға шығарындылары мен тастандыларына, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруға байланысты табиғатты пайдалануға арналған шарттар (к е л і с і м - ш а р т т а р) ж а с а с у ғ а ;

5) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаның сапа нормативтерін және шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық талаптарды, оның і ш і н д е :

атмосфераға шығарындылардың, жер үсті және жер асты суларына тастандылардың шекті рұқсат етілген нормативтерін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсер ету нормативтерін, зиянды заттардың рұқсат етілген көмілу көлемі мен қалдықтардың жергілікті жер рельефінде және жер қойнауында орналастырылу нормативтерін;

қоршаған ортаны ластағаны үшін, оның ішінде атмосфераға шығарындылар, жер үсті және жер асты суларына тастандылар үшін, зиянды заттардың көмілуі мен қалдықтардың жергілікті жер рельефінде және жер қойнауында орналастырылуы үшін төлемдер нормативтерін бекітуге және келісуге;

6) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен жеке тұлғалардан қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік экологиялық сараптаманы, мемлекеттік бақылауды және мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

7) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын бұзу туралы істер бойынша сот анықтауларында мемлекет атынан қуыну талаптарын қоюға және қуынушы болуға;

8) табиғатты қорғау заңнамасын сақтау мәселесі бойынша тексерулер жүргізуге және заңнамада белгіленген тәртіппен ұйымдардың құрылыстар мен

объектілердің жұмысын шектеу және тоқтату, оларды пайдалану үшін іске қосуға тыйым салу, экологиялық талаптарды бұзып жүзеге асырып жатқан шаруашылық және өзге де қызметті шектеу немесе тоқтату туралы ұйғарым шығаруға немесе осы қызметті тоқтату туралы ұсыныстар енгізуге;

9) белгіленген тәртіппен Министрлік қызметінің мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен өзара іс-әрекет етуге;

10) заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

3. Министрліктің мүлкі

13. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Министрліктің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

14. Министрлікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Министрліктің бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ. Министрлікке заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

16. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады. Министрдің, оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары - вице-министрлері болады.

17. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жауап береді.

18. Министр осы мақсатта:

1) өз орынбасарлары мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Министрлік аппаратының қызметкерлерін, аумақтық органдар мен ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдарының құрылымы мен штат санын айқындайды;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы бас мемлекеттік экологиялық сарапшыларды және бас мемлекеттік инспекторларды тағайындайды;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрліктің қызметкерлеріне, сондай-ақ Министрліктің аумақтық органдарының басшыларына тәртіптік жаза,

сондай-ақ көтермелеу шараларын қолданады;

б) Министрліктің бұйрықтарына қол қояды;

7) ведомстволары туралы ережелерден басқа, Министрліктің аумақтық органдары және Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді б е к і т е д і ;

8) басқа мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Министрлікті білдіреді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Министрліктің Министрдің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын алқасы болады. Алқаның сандық және дербес құрамын Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының қатарынан Министр б е к і т е д і .

Министрлік жер қойнауын, қоршаған ортаны қорғаудың және табиғи ресурстарды пайдаланудың проблемалық мәселелерін қарау мақсатында ғылыми-техникалық кеңес, мемлекеттік экологиялық сараптама кеңесін, басқа да кеңестер мен жұмыс топтарын құрады. Кеңестер туралы ережелер мен олардың дербес құрамын Министр бекітеді.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 6 қарашадағы

№ 1173 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау
министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың
тізбесі**

ЕСКЕРТУ. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.05. № 1240 қаулысымен .

"Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны .

"Қазавиамет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны .

"Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық-талдау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақ экология және климат ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.<*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 6 қарашадағы
№ 1173 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің
мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының тізбесі**

Ақмола облысы

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ақмола облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Ақтөбе облысы

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ақтөбе облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Алматы облысы

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Алматы облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Атырау облысы

4. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Атырау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Шығыс Қазақстан облысы

5. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Жамбыл облысы

6. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Жамбыл облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Батыс Қазақстан облысы

7. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Батыс Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Қарағанды облысы

8. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қарағанды облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Қостанай облысы

9. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қостанай облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Қызылорда облысы

10. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қызылорда облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Маңғыстау облысы

11. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Маңғыстау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Павлодар облысы

12. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Павлодар облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Солтүстік Қазақстан облысы

13. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Оңтүстік Қазақстан облысы

14. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Астана қаласы

15. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

16. Республикалық қоршаған ортаны қорғау инспекциялық басқармасы.

Алматы қаласы

17. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 6 қарашадағы

№ 1173 қаулысына

қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 қарашадағы № 1693 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., № 50, 489-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті мен оның қарауындағы жекелеген ұйымдардың мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 ақпандағы № 198 қаулысының 9-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., № 5-6, 74-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қоршаған ортаны қорғау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 ақпандағы № 260 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., № 9-10, 100-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000

жылғы 2 наурыздағы N 347 қаулысының 6-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 13-14, 134-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 793 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2 және 4-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 24, 278-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 51 қаулысының 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 1-2, 14-құжат).

7. "Геология, экология және табиғи ресурстар ақпараттық-талдау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 55 қаулысының 7-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 1-2, 15-құжат).